

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

«Транспорты и их виды»

ЖАРИЯЛАНДЫ
16.03.2023СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/134602/

Орындаған: Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, № 26 ЖОББМ КММ

Арнайы маман Каймулдинова Айнур Ақылбаевна

Бастауыш сынып мұғалімі Курмашева Айнгаул Адиетовна

Тақырыбы: Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен тәрбиелеуде заманауи технологияларды қолдану

Макатон — тілдік бағдарлама

- Макатон-белгілер мен таңбаларды қолдану арқылы құрылымдық көпфункционалды тәсілмен жүзеге асатын тілдік бағдарлама .
- Бағдарлама адамдармен қарым-қатынас жасау, тіл және оқу дағдыларын үйрету үшін аутизм, Даун синдромы, психоневрологиялық аурулары бар, сондай-ақ есту қабілеті бұзылған және басқа да ерекше қажеттіліктері бар балаларға арнап жасалған.
- Бағдарламаны Ұлыбританияда ХХ ғасырдың 70-жылдары Британ Империясы Орденінің мүшесі логопед және дефектолог Маргарет Уокер жасаған.

Пиктографиялық таңбалар жүйесі

- Неміс маманы Р. Леб (1985-1994) сөйлемейтін және жүйке жүйесі зақымдаған адамдармен қарым-қатынасқа түсу үшін **пиктограмма** әзірледі.
- Пиктографиялық таңбалар жүйесі (пиктографиялық байланыс-PIС) — сөйлемейтін балалармен қарым - қатынас орнататын оқытудың тиімді құралдарының бірі.
- «Пиктограмма» термині жазуды сурет арқылы көрсету дегенді білдіреді.
- Пиктограммалар вербалды емес қарым-қатынас(сөз арқылы емес) құралы ретінде қолданылады.

Сенсорлық-моторлық ортаны ұйымдастыру.

«Нумикон» — арифметикалық көріністерді қалыптастыру әдісі

- «Нумикон»- бұл 1996-1998 жылдары Англияда математиканы оқуда қандай да бір қиындықтарға кездесетін балаларға арнайы әзірленген оқыту бағдарламасы мен көрнекі материалдар жиынтығы.
- Нумиконда 1-ден 10-ға дейінгі сандар әр- түрлі түсте пласмасс шаблонды кесінділермен берілген, сол себепті сандар көру арқылы және тактильді қабылдауына өте тиімді.
- Алдыңғы санға қарағанда келесі сан бір санға артық, ал алдыңғы сан бір санға кем және жұп сан мен тақ санның айырмашылығын текшелерді көру арқылы- ақ байқауға болады.

Нумикон құралымен жұмыс барысының төрт негізгі сатысы

- **1- саты. Ойын іс- әрекеттері, құралмен танысу кезеңі.** Мысалы, текшелер мен түтікшелермен әр- түрлі ойындар ұйымдастыру (құмға тығу, судан аулау, ермексаздың бетіне бастыру)Ойын ойнау арқылы балалар түріне, түсіне, пішініне назар аудара бастайды.
- **2- саты. Құрастыру сабақтары.** Детальдарды құрастыру барысында балалар текшелерді біріктіруге болатынын және сандық құрамына қарай айырмашылығын аңғара бастайды. Текшелерден баспалдақ құрастырамыз- аздан, көпке, немесе 1-ден жоғары. Бұл ойын текшелердің тақтайшаның үстіне дұрыс қойылу заңдылығын үйретуге бағытталған. Баулықтарға түтікшелерді түсіне, санына қарай жіктей отырып тізбектеу. Текшелердің формасына қарай тақ сан немесе жұп сан екенін анықтау.(тақ санды текшенің тұмсығы бар) Құрастыру ойындарымен қоса графикалық жұмыстар жүргізіледі. Мысалы, текшелерді түрлі- түсті қарындаштармен бастырып, бояу.
- **3- саты. Санауды үйрену.** Балалардың сандық ерекшелігіне байланысты белгілі түске боялған текшелерді ажырату дағдылары қалыптасуы үшін сандық тізбек белгіленген лента ұсынылған. Балалар сандарды ажыратуға, оларды дұрыс тізбектеуге, бір- бірінен айырмашылығын айта білуге үйренеді.
- **4- саты. Қосу, азайту, салыстыру амалдарын орындау.** Текшелерді бір- бірімен біріктіру арқылы қосу амалын орындаймыз, шыққан жауапты тексереміз. Азайту амалын орындағанда текшенің үлкенінің үстіне кішісін қою арқылы орындаймыз. Бұл орайда құралдың баламен жүргізілетін сабақ барысындағы тиімділігін айтпай кетуге болмайды. Ол қасиеттерінің барлығы жоғарыда айтылып өтті. Балалар осы құралмен әртүрлі ойындар ойнағанды жақсы көреді. Мысалы, құмның немесе күріштің ішінен текшелерді табу және оның сандық қасиетін айту, тактильді дорбаның ішінен ұстап көру арқылы ғана текшені ажырату, түтікшелерді тізу т.б.

«Жаһандық оқу» карталары пайдалану

Глен Доманның методикасы

Г. Доман- американдық физиотерапевт дәрігер. 1960 жылы Глен Доман миының зақымдануынан зардап шегетін балалармен тәжірибесі туралы мақала жариялаған кезде ата-ана тәрбиесі мен оңалту саласында төңкеріс жасады. Содан бері оның техникасы әлемге танымал болды.

Кез келген техника сияқты, нәтиже алу үшін тұрақтылық пен жүйелілік маңызды.

ГЛЕН ДОМАННЫҢ ОҚУ КАРТОЧКАЛАРЫ

Оқуды үйрету әдістемесі Глен Доман баланың бүкіл сөзді есте сақтауы әлдеқайда оңай деген қорытындыға келді. Доман сөздер жазылған карталарды көрсету арқылы оқуды үйретуді ұсынады. Баланың назарын оларға аудару үшін сөздер үлкен және контрастты ақ фонда ашық (қызыл) болуы керек. Мұндай карталарды жылдам және белгілі бір тәртіпте көрсету керек. 5 картадан тұратын топқа 5 секунд уақыт беріледі. Бүкіл сабақ үшін (күніне 3 рет) — 15 секунд. Кейінірек карталардың саны артады, ал олардағы шрифт азайып, қара түске боялады-жасы өскен сайын балада ұсақ бөлшектерді тану қабілеті дамиды.

ГЛЕН ДОМАННЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ КАРТОЧКАЛАРЫ

Математиканы оқыту әдістемесі. Ол сондай-ақ үлкен қызыл нүктелерді бейнелейтін карталар принципiне негiзделген. Осылайша нәресте әр санды дерексiз сурет (сандар) ретiнде емес, нақты мөлшер ретiнде қабылдай отырып, жүзге дейiн санауды үйренедi деп болжанады. Доман баланың тұтас сандық жиынтықтарды қабылдай алатынын және оларды көрнекi түрде ажырата алатынын дәлелдедi

Доман әдісі бойынша жаттығу.

- Балаға картаны көрсетіңіз, ол оған көзін аударады, картада көрсетілгеннің атын анық айтыңыз;
- карталарды тез көрсету керек, 1 карта — 1 секунд, әйтпесе бала жалығып, қызығушылығын жоғалтуы мүмкін;
- демонстрацияларды әрқайсысы 5 картадан тұратын үш түрлі тақырыппен бастаңыз;
- әр санатты күн ішінде 3 рет көрсету;
- сабақтарды күн бойы, бірақ қатарынан емес өткізу;
- әр жолы карталардың көрсетілу ретін өзгерту;
- бірте-бірте жаңа санаттарды олардың күнделікті саны 12-ге жеткенше қосу керек;

- 10 күннен кейін әр санаттан күн сайын бір картаны алып тастай бастаңыз, оларды жаңасына ауыстырыңыз.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.